

**2023 жылғы «Астана қаласының тұтынушыларын жылу энергиясымен жабдықтау» қызметін ұсыну бойынша «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның ЕСЕБІ**

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабын және «ТМС қызметін жүзеге асыру қағидаларының» талаптарын орындау барысында «Астанаэнергосбыт» ЖШС жария тыңдау форматында 2023 жылғы жылу энергиясын жабдықтау бойынша қызмет туралы есеп өткізді, ол 2024 жылғы 20 наурызда Астана қаласы, Момышұлы даңғылы, 4/1 мекенжайы бойынша өтті.

Ішкі нарықта жабдықтау үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС жылу энергиясын «Астана-Теплотранзит» АҚ желілері бойынша тасымалдай отырып, оны «Астана Энергия» АҚ-тан сатып алады.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның негізгі мақсаты - қызмет көрсету стандарттарын сақтай отырып, қызметтің өнім берушілері мен түпкілікті тұтынушылардың өзара әрекет етуін сақтау, көрсетілетін қызметтердің сапасын және тең қолжетімділігін жақсарту болып табылады.

«ТМС қызметін жүзеге асыру қағидаларының» 7-тарауының 299-тармағына сәйкес төменде келесі ақпарат ұсынылады:

**1) табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат;**

«Астанаэнергосбыт» ЖШС Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 30 қыркүйекте № 17344-1901-ТОО тіркелді және Астана қаласының тұтынушыларын 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап жылумен, электр энергиясымен жабдықтау қызметін жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Астана қаласы бойынша басқармасының 2007 жылғы 18 сәуірдегі № 29-НҚ бұйрығымен Серіктестік Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің «Жылу энергиясымен жабдықтау» қызмет түрі бойынша жергілікті бөліміне енгізілген.

**2) бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы;**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің (бұдан әрі Департамент) 2020 жылғы 10 маусымдағы №7-НҚ бұйрығымен 2023 жылға 16 157 мың теңге мөлшерінде инвестициялық бағдарлама бекітілді. Қаржыландыру көзі тарифтік сметада ескерілген амортизация және пайда болып табылады. EurasianTech-Tender электрондық сауда алаңында жүргізілген сатып алулар қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарлама 98%-ға орындалды. Өнім берушілердің бағасын есепке алып үнемдеу рұқсат етілген 5 пайыздық жинақтау шегінен аспады.

р/с №	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар туралы есеп*	Инвестициялық бағдарламаның сомасы				Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны			Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	Жоспар	Факт	ауытқу, %	ауытқу себептері	меншік қаражаты		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат
				жоспар	факт							Амортизация	Пайда		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
0	Жылу энергиясымен жабдықтау	Жылу энергиясымен жабдықтау	Гкал	8 262	7 929	2021-2025жж есептік 2023 жыл	16 157	15 904	-2	сатып алу рәсімінің қорытындысы бойынша нақты бағаның өзгеруі	10 127	6 030	-	-	
1		Жиынтықтағы ДК	дана	29	31		13 868	14 625	5						
2		Үздіксіз қуат алу көзі	дана	25	25		2 289	1 278	-44						

Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету			
өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
-	-	26%	40%	-	-	-	-	-	-
		35%	45%						

### 3) бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы;

Департамент 2023 жылы «Табиғи монополиялар туралы» Заңның 22-бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасына сәйкес «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның жылумен жабдықтау қызметтеріне босату тарифі мен тарифтік сметасын оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін қайта қарады. Төменде тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат берілген.

Көрсетілетін қызмет түрлері бойынша шығындарды бөлудің нормативтік санын қайта қарауға байланысты - қызметтерді ұсынуға байланысты шығындардың артық жұмсалуды 5%-ды құрады; кезеңдегі шығыстың артық жұмсалудың шығыны 19%-ды құрады, оның ішінде бекітілген тарифтік сметада көзделмеген тікелей шығындар: *хабарландыруға шығыстар, электрондық алаңды және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін ТЖҚ анықтамалығын ұсыну бойынша ақпараттық қызметтер.*

Өткізу үстемесінің нақты тарифі бекітілген 70,70 теңге кезінде 78,24 теңге\*Гкал мөлшерінде пайда болды.

р/с №	Көрсеткіштің атауы	өлш. бірл.	2023 жылға бекітілген тарифтік смета	Тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері	ауытқу, %	Ауытқу себептері
			1	2		
<b>1</b>	<b>Қызметтерді ұсынуға шығындардың барлығы, оның ішінде:</b>	<b>мың тг</b>	<b>414 082</b>	<b>435 849</b>	<b>5</b>	<b>нақты шығындар</b>
<b>1.1</b>	<b>Материалдық шығындардың барлығы, оның ішінде:</b>	<b>//-//</b>	<b>761</b>	<b>1 683</b>	<b>121</b>	<b>//-//</b>
1.1	ЖЖМ	//-//	761	1 683	121	//-//
<b>2</b>	<b>Еңбекке ақы төлеу шығындарының барлығы, оның ішінде:</b>	<b>//-//</b>	<b>365 028</b>	<b>364 986</b>	<b>0</b>	<b>//-//</b>
2.1	Жалақы	//-//	328 676	328 676	0	//-//
2.2	Әлеуметтік салық және аударымдар	//-//	27 477	27 647	1	//-//
2.3	Мед.сақтандыру	//-//	8 874	8 664	-2	//-//
<b>3</b>	<b>Амортизация</b>	<b>//-//</b>	<b>5 248</b>	<b>5 248</b>	<b>0</b>	<b>//-//</b>
<b>5</b>	<b>Өзге шығындардың барлығы, оның ішінде:</b>	<b>//-//</b>	<b>43 046</b>	<b>63 932</b>	<b>49</b>	<b>//-//</b>
5.1	автокөлікті күтіп ұстауға шығыстар	//-//	674	2 032	201	//-//
5.2	қызметкерлерді сақтандыру	//-//	375	653	74	//-//
5.3	автокөлікті сақтандыру	//-//	17	186	993	//-//
5.4	кеңсе тауарларына шығыстар	//-//	1 428	2 981	109	//-//
5.5	баспахананың қызметтеріне шығыстар	//-//	77	544	607	//-//
5.6	жылжымайтын мүлікті жалға алу шығыстары	//-//	35 752	49 104	37	//-//
5.7	коммуналдық қызметтер	//-//	2 268	3 683	62	//-//
5.8	нысанды күзету шығыстары	//-//	2 192	4 215	92	//-//
5.9	өрт сөндіру құралдарына шығыстар	//-//	262	534	104	//-//
<b>II</b>	<b>Кезең шығыстары, барлығы</b>	<b>//-//</b>	<b>77 459</b>	<b>91 956</b>	<b>19</b>	<b>//-//</b>
<b>6</b>	<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы</b>	<b>//-//</b>	<b>74 978</b>	<b>79 718</b>	<b>6</b>	<b>//-//</b>
6.1	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы	//-//	64 828	64 731	0	//-//
6.1.1	ӘБП жалақысы	//-//	58 372	58 352	0	//-//
6.1.2	Әлеуметтік салық және аударымдар	//-//	4 880	4 915	1	//-//
6.1.3	Мед.сақтандыру	//-//	1 576	1 464	-7	//-//
6.2	Амортизация	//-//	4 879	4 879	0	//-//
6.3	Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер	//-//	187	484	159	//-//
6.4	Иссаптар шығыстары	//-//	43	59	37	//-//
6.5	Байланыс қызметтері	//-//	1 636	3 029	85	//-//
6.6	Банк қызметтері	//-//	3 405	6 536	92	//-//
<b>7</b>	<b>Басқа шығыстардың барлығы, оның ішінде:</b>	<b>//-//</b>	<b>2 481</b>	<b>12 238</b>	<b>393</b>	<b>//-//</b>
7.1	ЖЖМ	//-//	213	574	170	//-//
7.2	автокөлікті күтіп ұстау	//-//	449	622	39	//-//
7.3	автокөлікті сақтандыру	//-//	14	23	66	//-//
7.4	нотариалдық қызметке шығыстар	//-//	2	0	-100	//-//

7.5	қызметкерлерді сақтандыруға шығыстар	//-//	55	105	91	//-//
7.6	кеңсе тауарларына шығыстар	//-//	236	403	71	//-//
7.7	пошта қызметтеріне шығыстар	//-//	85	457	437	//-//
7.8	атқару техникасы мен ДК қызмет көрсетуге және жөндеуге шығыстар	//-//	766	4 965	548	//-//
7.9	өзге материалға шығыстар	//-//	228	348	53	//-//
7.10	инвест.бағдарламаның тех.сараптамасы	//-//	433	217	-50	//-//
7.11	хабарландыру шығыстары	//-//	0	1 614		тікелей нақты шығындар
7.12	ақпараттық қызметтер (эл.алаң, ТЖҚ анықтамалығы)	//-//	0	2 911		тікелей нақты шығындар
<b>III</b>	<b>ж/энергиясын өндіруге шығындар ("Астана-Энергия" АҚ)</b>	<b>//-//</b>	<b>16 653 337</b>	<b>15 959 398</b>	<b>-4</b>	<b>нақты көлемдердің төмендеуі</b>
<b>IV</b>	<b>ж/энергиясын бөлуге шығындар ("Астана-Теплотранзит" АҚ)</b>	<b>//-//</b>	<b>11 016 328</b>	<b>10 562 183</b>	<b>-4</b>	<b>нақты көлемдердің төмендеуі</b>
<b>8</b>	<b>"Астана-ЕРЦ" ЖШС қызметі бойынша шығындарды өтеу</b>	<b>//-//</b>	<b>86 532</b>	<b>86 532</b>	<b>0</b>	<b>//-//</b>
<b>9</b>	<b>Сараланған тарифтерді қолданудан толығымен алынбаған кіріс</b>	<b>//-//</b>	<b>646 141</b>	<b>644 898</b>	<b>-0,2</b>	
<b>V</b>	<b>Шығындардың барлығы</b>	<b>//-//</b>	<b>28 893 878</b>	<b>28 083 849</b>	<b>-3</b>	<b>нақты көлемдердің төмендеуі</b>
<b>VI</b>	<b>Пайда</b>	<b>//-//</b>	<b>6 030</b>	<b>6 030</b>	<b>0</b>	<b>//-//</b>
<b>VII</b>	<b>Кірістердің барлығы</b>	<b>//-//</b>	<b>28 899 908</b>	<b>28 089 879</b>	<b>-3</b>	<b>//-//</b>
<b>VIII</b>	Көрсетілген қызметтер көлемі	мың Гкал	8 261,94	7 928,97	-4	
<b>IX</b>	Тариф	тг*Гкал	3 497,95	3 542,69	1	
	<i>Анықтама үшін:</i>					
<b>11</b>	<b>Саны, барлығы</b>	<b>адам</b>	<b>181</b>	<b>142</b>	<b>-22</b>	
11.1	Өндірістік персонал	адам	166	127	-23	
11.2	Әкімшілік персонал	адам	15	15	0	
<b>12</b>	<b>Орташа айлық жалақы, барлығы</b>	<b>теңге</b>	<b>178 199</b>	<b>227 129</b>	<b>27</b>	
12.1	Өндірістік персонал	теңге	164 998	215 666	31	
12.2	Әкімшілік персонал	теңге	324 289	324 176	0	

**4) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы;**

Тарифтік реттеудің шығынды әдісіне байланысты «Астанаэнергосбыт» ЖШС-да реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің бекітілген көрсеткіштері жоқ.

**5) тиімділік көрсеткіштерге жету туралы;**

Тарифтік реттеудің шығынды әдісіне байланысты «Астанаэнергосбыт» ЖШС-да қызметтің бекітілген тиімділік көрсеткіштері жоқ.

**6) негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер туралы;**

2023 жылы жылумен жабдықтау қызметінен түскен кіріс 28 089 879 мың теңгені құрады. Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне шығыстар жылу энергиясын сатып алу шығыстарынан (15 959 398) мың теңге, жылу энергиясын беру бойынша қызметтердің шығынынан (10 526 183) мың теңге, Серіктестіктің өткізу қызметіне шығыстардан (620 367) мың теңге пайда болды. Серіктестіктің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметінің нәтижесі 947 931 мың теңге мөлшеріндегі кіріс (оның ішінде өткен жылдардағы толық алынбаған кірісті өтеу – сот шешімі бойынша) болып табылады.

**7) ұсынылған қызметтердің көлемдері туралы;**

2023 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген 8 261,94 мың Гкал көрсеткішке 4%-ға төмендеумен нақты көлем 7 928,97 мың Гкал құрады.

**8) реттеліп көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыс туралы;**

Ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру шеңберінде 2023 жылы:

- ✓ БСЖ-ның есепке алу құралының көрсеткіштерін қабылдау бойынша Telegram және WhatsApp-та чат-бот енгізілді.
- ✓ Әйтеке би көшесі, 3 үй мекенжайы бойынша жаңа №1 сервис орталығы ашылды. Келесі қызметтер тұрақты негізде көрсетіледі:
- ✓ бастапқы және екінші реттік тұрғын үйге энергиямен жабдықтау шарттарын жасасу/бұзу; тұратындардың саны бойынша қолданыстағы шарттарға өзгерістер енгізу, жылжымайтын мүліктің меншік иесінің алып жатқан ауданын өзгерту, жылжымайтын мүлік иесінің Т.А.Ә. өзгеруі; көрсетілген қызметтерге салыстыру актілерін қалыптастыру; есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу/қабылдау бойынша; мамандардың кеңес беруі; энергиямен жабдықтау қызметтеріне төлем және басқа. Көрсетілген қызметтер мыналар арқылы көрсетіледі: Серіктестіктің Сервис орталықтарына хабарласу арқылы; электрондық пошта, байланыс орталығы, компанияның сайты немесе iQala қалалық қызмет көрсету орталығы арқылы.

- ✓ заңды тұлғалардың тұтынушылары берешегінің өсуін алдын алу мақсатында шот және уақытылы төлеу қажеттілігі туралы хабарландыру СМС-хабарлама арқылы жіберіледі.
- ✓ меншікті қассалар мен терминалдар, екінші деңгейдегі банктер, интернет-банкинг арқылы электрондық төлемдер, өзге төлем терминалдары, «Kaspi Bank» мобильді қосымшасы және т.б. арқылы энергиямен жабдықтау қызметтері үшін төлемдерді қабылдау.

#### **9) қызметтің келешегі, тарифтердегі ықтимал өзгерістер туралы.**

«Табиғи монополиялар туралы» Заңның 22-бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасына сәйкес Департаменттің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 125-НҚ бұйрығымен «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін 2024 жылға жылумен жабдықтау қызметтеріне босату тарифі мен тарифтік сметасы бекітілген. Осы бұйрықтың негізінде уәкілетті орган 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мына босату тарифін белгіледі – 4 326,47 теңге\*Гкал (өткізудің үстеме үлесі 3%, жылу энергиясын сатып алу және беру үлесі 97%), оның ішінде тұтынушылар топтары үшін сараланған тарифтер: -халық үшін – 3 318,22 теңге\*Гкал (20% өсуі); өзге тұтынушылар үшін 5 966,37 теңге\*Гкал (6% өсуі); бюджеттік ұйымдар үшін 7 073,94 теңге\*Гкал (6% өсуі).

Қорытындысында, «Астанаэнергосбыт» ЖШС тұтынушылардан энергиямен жабдықтаудың көрсетілген қызметтері үшін алынған қаражат: жылу энергиясын өндіру және тасымалдау бойынша жеткізушілердің қызметтеріне төлемге; кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге, осыған сәйкес жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге; тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету үшін Сервис орталықтарын күтіп ұстауға жіберілгенін хабарлайды.